

Сан есімнің мағыналық түрлері

КӨРГЕНОВ ҚУАНДЫҚ

Сан есім дегеніміз не?

- Заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сан есім жеке айтылғанда абстракт сандық ұғымдардың атауы болатындықтан, нақты мағыналары басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу кезінде, оларды сан жағынан анықтау барысында айқындалады.



Сан есімнің мағыналық түрлері

Есептік сан есім

Реттік сан есім

Жинақтық сан есім

Топтау сан есім

Бөлшектік сан есім

Болжалдық сан есім

Есептік сан есім



Есептік сан есім
заттың нақты, дәл
санын білдіреді.

Қанша? неше?

*. Мысалы: үш мың
төрт жүз елу алты
оқулық, он көше,
отыз екі қала т.б.*

Реттік сан есім



Реттік сан есімдер есептік сандарға **-ыншы (-інші)** жұрнақтарын қосу арқылы жасалады да, белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық ретін білдіру үшін қолданылады.

Нешінші?

*Тамара
атты жетінші класта
оқып жүрген жалғыз
қызым бар (Сәбит
Мұқанұлы Мұқанов)*

Жинақтық сан есім



Жинақтық сан есімдер
бірден жетіге дейінгі
есептік сан есімдерге -ау (-
еу) жұрнақтарын қосылуы
арқылы жасалады.

нешеу?

*Түйе біреу, ат екеу,
қасқыр бесеу (І.
Жансүгіров)*

Топтау сан есім



Топтау сан есімдер есептік, жинақтық, болжамдық сан есімдерге, қазіргі кезде шығыс септікке тән грамматикалық мағынадан біржола қол үзген -дан (-ден, -тан, -тен) аффиксін қосу арқылы жасалады.

Біркелкі заттар мен құбылыстардың сан мөлшердің топтап көрсетеді.

*Бір түн отырып ел адамдарын **төрттен**, бестен жиып алып, барлығына бір түрлі іс тапсырған (Мұхтар Омарханұлы Әуезов)*

Болжалдық сан есімдер



Болжалдық сан есімдер -
белгілі бір заттар мен
құбылыстың сан мөлшерін
дәл атамай, тұспалдап қана
шамамен атайтын сөздер.

Қанша?
Неше?

*Салтанатты
басқосуға үш
жүздей мейман
келеді деп күтілуде;*

Бөлшектік сан есім




Таза математикалық ұғымға негізделген сөздер. Бөлшектік сан есімдер құрамы жағынан тек күрделі ғана болады.

Қанша? Неше?

Үштің екісі, жүздің жиырмасы, тоқсанның отызы т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер

- А. Ысқақов, Қазіргі қазақ тілі, 1974 ж.
- Қазақ Энциклопедиясы, 7 том
- Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы «Сөзлік-Словарь», 2005 жыл.



Қорыта келгенде
